

Жер қойнауын қорғау және минерал-шикізат базасын қалпына келтіру жөніндегі республикалық қор құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 20 мамыр N 407. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.02.24. N 135 қаулысымен. ~P980135

Республиканың минерал-шикізат базасын дамытуға қажетті геологиялық барлау жұмыстарын қаржымен қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Жер қойнауын қорғау және минерал-шикізат базасын қалпына келтіру жөніндегі республикалық қор 1993 жылы геологиялық-барлау жұмыстарын жұмсалатын шығындардың орнын толтыруға төленетін ақы есебінен құрылсын.

Минерал-шикізат базасын қалпына келтіру жөніндегі геологиялық-барлау жұмыстарына жұмсалатын шығындардың орнын толтыруға төленетін ақының қоса беріліп отырған мөлшері бекітілсін.

2. Түсті және кара металдар, мұнай, газ, көмір, химия өнеркәсібінің кен өндіруші кәсіпорындары және басқа да жер қойнауын пайдаланатын ұйымдар ведомстволық бағыныстылығына және меншік нысанына қарамастан шығынды өтеудің осы қаулымен бекітілген ақы мөлшеріне қарай республикалық бюджетке толық және уақтылы аударым жасалуын қамтамасыз етсін.

Республиканың Қаржы министрлігі, Өнеркәсіп министрлігі, Энергетика және отын ресурстары министрлігі, басқа да министрліктері мен ведомстволары қарамағындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың аталған төлемдерді республикалық бюджетке уақтылы төлеп тұруын пәрменді бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Геологиялық-барлау жұмыстарын жүргізуді және жер қойнауын қорғауды қаржыландыруды тұрақтандыру туралы" 1992 жылғы 3 шілдедегі N 579 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасының

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 20 мамырдағы
N 407 қаулысымен бекітілген

Геологиялық-барлау жұмыстары мен жер қойнауын қорғауға арналған шығындардың орнын толтыруға төленетін ақының мөлшері (1993 жылғы 1 сәуірден енгізіледі) _____

_____ Пайдалы қазбалардың | Өлшем атауы | Өткізу бағасының топтары мен түрлерінің | | проценттік мөлшері атаулары | | _____

1 | 2 | 3 _____

Отын-энергетикалық

шикізат мұнай өндірілген жалпы өнім. нің 1 тоннасы 8 газ конденсаты " 8 табиғи газ өндірілген өнімнің 1000 текше метрі 8 көмір баланстық қордың пайдаланылған бөлігінің 1 тоннасы 0,9 радиоактивті шикізат металдың баланстық қорының /уран/ өндіріп алынған 1 килограммы 5,22 Қара металдар темір кені кеннің баланстық қорының немесе өндіріп алынған 1 тоннасы 0,81 марганец концентраты " 0,81 хром кені немесе концентраты " 0,81 Түсті және сирек кездесетін металдар мыс (кесек, тазартылған " анодтық) 1 концентраттағы мыс металдың баланстық қорының өндіріп алынған 1 тоннасы 2,63 кендегі мыс " 5,74 қорғасын (кесек күйінде) " 1 концентраттағы қорғасын " 2,63 қорғасын-мырыш кені " 5,74 (кендегі қорғасын, кендегі мырыш) мырыш құйымы " 1 концентраттағы мырыш " 2,63 боксидтер " 5 концентраттағы қалайы " 5 танталдың бестотығы " 5 концентраттағы бестотықтың баланстық қорының өндіріп алынған бір тоннасы концентраттағы вольфрамды ангидридтің баланстық 4 ангидрид қорының өндіріп алынған бір граммы кобальтті-никель кені " 2,21 (кендегі никель мен кендегі кобальт) концентраттағы молибден " 4 Асыл металдар алтын пайдаланылған баланстық 2,1* қордың бір грамы Қазақстан Республикасының мемлекеттік сақтауға өткізілген металының бір өлшемінің бағасынан күміс " 1,6* Металлургияға арналған кен емес шикізаттар доломиттер пайдаланылған баланстық 0,86 қордың 1 тоннасы флюстік ақтастар " 0,86 қалыптау құмдары пайдаланылған баланстық 0,86 қордың 1 текше метрі Тау кен-химия шикізаты фосфорит кеніндегі пайдаланылған баланстық 0,58 фосфордың бестотығы қордың 1 тоннасы бор кеніндегі бор ангидриді " 0,58 концентрат пен кендегі барит " 0,58 Басқа кен емес шикізаттар хризолит-асбест " 3,18 отқа төзімді сазбалшық " 3,18 керамика өнеркәсібіне " 3,18 арналған шикізат каолин " 3,18 құрылысқа арналған ақтастар пайдаланылған баланстық 3,18 қордың 1 текше метрі ас тұзы баланстық қордың өндіріп алынған 1 тоннасы 3,18 калий тұзы " 3,18 цементтік шикізат " 3,18 бентонит сазбалшығы пайдаланылған баланстық 3,18 қордың 1 тоннасы вермикулит " 3,18 Жергілікті құрылыс материалдары жол құрылысына арналған " 4,31 кирлер әрлеуге арналған мәрмәрлар, пайдаланылған баланстық 4,31 ақтастар қордың 1 текше метрі

әрлеуге арналған тау " 4,31 жыныстары құрылыс тастары " 4,31 құмдар және құмқиыршық " 4,31 қоспасы шыны өндірісіне арналған пайдаланылған баланстық 4,31 шикізат қордың 1 текше метрі керамзиттік шикізат " 4,31 кірпіш жасайтын сазбалшық " 4,31 гипс және гипсангидридті пайдаланылған баланстық 4,31 тастар қордың 1 тоннасы бор " 4,31 Жарқылтас шикізаты пайдаланылған баланстық 9,86 қордың 1 килограммы Жерасты сулары 1 текше метр 10

Ескерту. 1-2 бағанға өзгерістер енгізілді - ҚРМК-нің 1994.05.27. N 570
қ а у л ы с ы м е н .